**Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 жалпы білім беретін орта ІТ мектеп-лицейі бойынша**

# БҰЙРЫҚ

**Ақтөбе қаласы** **№87 н/қ** **«04» ақпан 2026 ж.**

***«Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы»***

2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі- Заң) 16- бабының 3-тармағы, 28) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 507-тармағына сәйкес,

**БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Қабырға бетіне вертикалды принтермен сурет салу қызметтерін» сатып алу бойынша Заңның 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізу.

2.Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты маман Н.М.Барлық :

-Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;

-өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтанбамен куәландырылған шарттың жобасы жіберілсін.

3.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз құзырыма қалдырамын.

***Негіздеме: Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты маманның 04.02.2026 ж №5 қызметтік жазбасы.***

**Мектеп директоры** **С.К.Тойшыманов**

Таныстым: Барлық Н.М

**«Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72**
**жалпы білім беретін орта IT**
**мектеп-лицейі» КММ –нің директоры**
**С.К.Тойшымановқа**
**Бас есепші Н.М.Барлықтан**

**Қызметтік хат №5**
**04 .02.2026 жыл**

"AiMar & Co" ЖШС әлеуетті өнім берушісі «қабырға бетіне вертикалды принтермен сурет салу қызметтерін» сатып алу бойынша коммерциялық ұсыныс жіберді. Берілген коммерциялық ұсыныстың негізінде "AiMar & Co" ЖШС –де қабырға бетіне вертикалды принтермен сурет салу қызметтерін» сатып алу бағасы ағымдағы қаржы жылында бес жүз айлық есептік көрсеткіштен (500АЕК) аспайды.

Осылайша, қызметті сатып алу үшін бөлінген сома Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, ағымдағы қаржы жылында 500 АЕК аспайтынын ескере отырып, Заңның 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін қолдана отырып "AiMar & Co" ЖШС -н келісім шарт жасауға рұқсат беруіңізді сұраймын.

**Бас есепші** **Н.М.Барлық**